



БҰЙРЫҚ

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Алтай батыр ауылы, Мектеп көшесі №2
Тел/факс 87134725688 Email: altai_201717@mail.ru

ПРИКАЗ

Бұйрық №61
А.С.Пушкин атындағы орта мектеп
Алтай батыр ауылы

27 тамыз 2021 жыл

2021-2022 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 02.08.2021 жылғы №21-01/04-486//21-01-7 п.3.7 тапсырмасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №368 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім басқармасының «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы туралы» 09.08.2021 жылғы №207 бұйрығы негізінде Байғанин ауданы бойынша білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1) 2021-2022 оқу жылының басталуы- 2021 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін.
- 2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11-сыныптарда - 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.
- 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11-сыныптарда: күзгі каникул -7 күн (2021 жылғы 1 – 7 қараша аралығында), қысқы каникул -11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан -2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі каникул -12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);
1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленеді.

Санитарлық – эпидемиологиялық талаптар бойынша қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз етуге байланысты, коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуы жағдайында білім беру ұйымдарының ерекше жұмыс режиміне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық нормалары бойынша іске асырылсын.

- 4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісінің меңгерушісі Ж.Тоқаеваға міндеттелсін.



А.Мырзағалиев